

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Бағалы қағаздар нарығы департаменті*

*Қазақстан Республикасының  
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің  
ағымдағы жағдайы*

*2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша*

Көлемі: 6 бет  
Кестелер саны: 5  
Графиктер саны: 3  
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2016 жыл

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ**

1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

### **II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ**

4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

### **III. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі

## I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

Бүгінгі күнде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби жарналарды, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде Ұлттық Банктің атына ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беруге өтініштер түскен жоқ.

2016 жылғы 1 қыркүйекке міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттары санының 53 766 бірлікке немесе -0,57%-ға, ерікті зейнетақы жарналары бойынша 2 149 бірлікке немесе -5,50%-ға азаюы байқалады.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша есептік күнге салымшылар (алушылар) шоттары санының 16 006 бірлікке немесе 4,29%-ға артуы байқалады.

## 1-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары (алушылары)

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны <sup>1</sup>	1.01.16	1.09.16	Ауытқу (%-бен)
пайдасына міндетті зейнетақы жарналары енгізілген	9 474 689	9 420 923	-0,57
пайдасына ерікті зейнетақы жарналары енгізілген	39 045	36 896	-5,50
пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген	372 889	388 895	4,29

2016 жылдың 8 айында зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша 557,8 млрд. теңгеге (9,7%), міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша 25,3 млрд.теңгеге (39,2%) ұлғайды, ерікті жарналар бойынша өзгерістер байқалған жоқ.

(млрд. теңге)

Зейнетақы жинақтары	1.01.16	1.09.16	Ауытқу (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	5 762,0	6 319,8	9,7
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	1,7	1,7	0,0
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	64,5	89,8	39,2

№974 Қағидаларға<sup>2</sup> сәйкес қызметшілердің (әскери қызметшілердің) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтарудың жалпы сомасы 145,7 млрд. теңге болды.


<sup>1</sup> Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарын есепке алусыз көрсетілген. 1 қыркүйекке зейнетақы жинақтары жоқ жеке зейнетақы шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша – 232 453, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша – 19 205, ерікті зейнетақы жарналары бойынша - 2 053 бірлік болды.

<sup>2</sup> «Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 974 қаулысы

**2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары**

Зейнетақы жинақтарының көлемі	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.08.16	Ауытқу (%-бен)
Зейнетақы жинақтары	5 828,2	6 411,2	10,0
Зейнетақы жарналары	4 375,2	4 681,7	7,0
«Таза» инвестициялық кіріс	1 751,9	2 145,2	22,4
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	30,1%	33,5%	11,3

**1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)**



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың басынан бастап 583,0 млрд. теңгеге (10,0%) ұлғайып, 2016 жылғы 1 қыркүйекте 6 411,2 млрд. теңге болды. 2016 жылдың 8 айындағы «таза» инвестициялық кіріс 393,3 млрд. теңгеге немесе 22,4%-ға өсті.

**3-кесте. Зейнетақы төлемдері**

Көрсеткіштің атауы	(млрд. теңге)		
	1.01.16	1.09.16	Ауытқу (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	670,7	789,3	17,7
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	121,2	133,7	10,3


Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2016 жылдың 8 айында 118,5 млрд. теңгеге немесе 17,7%-ға ұлғайып, 2016 жылғы 1 қыркүйекте 789,3 млрд. теңге болды.

## II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

**4-кесте. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштер**

Көрсеткіштің атауы	1.01.16
ЖІӨ млрд.тенге	40 878,0 <sup>3</sup>
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	14,9
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	11,2
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	4,6


**2-график. Қазақстан Республикасы экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы**



2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 1 қаңтар аралығын салыстырған кезде Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын көрсеткіштерге қатысты, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге арақатысының 11,7% бастап 14,9% дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге арақатысының 9,5% бастап 11,2% дейін және «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге арақатысының 2,6% бастап 4,6% дейін ұлғаюы байқалады.

## III. БЫРҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы**



2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2016 жылдың басынан 582,9 млрд. теңгеге немесе 10,0%-ға ұлғайып, 6 417,5 млрд. теңге болды.

<sup>3</sup> ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің жедел мәліметтері (stat.gov.kz)

2015 жылғы 1 қыркүйек – 2016 жылғы 1 қыркүйек аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 101,2 млрд. теңге болды.

**5-кесте. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жиынтық инвестициялық портфелі**

Қаржы құралдары	1.01.16		1.09.16	
	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен	Сомасы, млрд. теңге	үлесі %-бен
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>2 683,17</b>	<b>46,7</b>	<b>3 023,5</b>	<b>47,4</b>
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	2 328,23	40,6	2 774,9	43,5
Ұлттық Банктің ноттары	354,94	6,1	248,6	3,9
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>232,8</b>	<b>4,1</b>	<b>208,7</b>	<b>3,3</b>
акциялар	13,6	0,3	16,9	0,3
облигациялар	219,2	3,8	191,8	3,0
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>84,9</b>	<b>1,5</b>	<b>85,5</b>	<b>1,3</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>50,7</b>	<b>0,9</b>	<b>76,9</b>	<b>1,2</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>2 325,6</b>	<b>40,5</b>	<b>2 557,0</b>	<b>40,1</b>
акциялар	113,1	2,0	122,2	1,9
облигациялар, оның ішінде:	2 199,9	38,3	2 422,2	38,0
шетел валютасында номинирленген	549,3	9,6	509,5	8,0
теңгеде номинирленген	1 650,6	28,8	1 912,6	30,0
ноттар	12,6	0,2	12,6	0,2
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>363,9</b>	<b>6,3</b>	<b>427,0</b>	<b>6,7</b>
<b>Туынды қаржы құралдары</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>	<b>0,0</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>5 741,0</b>	<b>100,0</b>	<b>6 378,6</b>	<b>100,0</b>

2016 жылғы 1 қыркүйекте БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен, тиісінше 47,4% және 40,1%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 371,1 млрд. теңгені (яғни, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 5,8%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 6,7% немесе 427,0 млрд. теңге келеді.